облыстық (соларға теңестірілген) прокуратуралардың тиісті бөлімдерінің (басқармаларының) бастықтарымен толтырылып, аудандық прокурорлар үшін белгіленген мерзімдерде Комитеттің аумақтық органдарына тапсырылады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аппараты бойынша есептің бөлімдері тиісті Департаменттердің бастықтарымен құрылады.

Қалалық аудандық прокурор (соған теңестірілген) есебінің көрсетілген бөлімдерінің айқындылығын облыстық (соған теңестірілген) прокуратура тексеріп, оған тиісті бөлімнің (басқарманың), Департаменттің бастығы немесе облыс (соған теңестірілген) прокурорының аға көмекшісі қол қояды. Содан кейін аталған бөлімдер аймақ бойынша жинақталған есепті құру үшін Комитеттің аумақтық органдарына көлденеңіне қарай беріледі.

Есептің 4-бөлімі, 6-бөлімінің А кестесі, 7 және 8-бөлімдері Комитеттің аумақтық органдарына ілеспе хаттарынсыз тапсырылады. Қажетті өзгерістер мен толықтыруларды бөлімдердің кестелеріне тек соларға қол қойған прокурордың өзі ғана енгізеді.

9. Аймақ бойынша жинақталған есепке қалалық аудандық прокурормен (соған теңестірілген) қатар есептік мәліметтердің толықтығы мен айқындылығына жауап беретін, оларды бақылап, есептегі бұрмалаушылықтарды жоюға қажетті шаралар қабылдауға міндетті тиісті бөлімнің (басқарманың), Департаменттің бастығы немесе облыс (соған теңестірілген) прокурорының аға көмекшісі қол қ о я д ы .

Статистикалық кәртішкелерге қол қойған қалалық аудандық прокурорлар (соларға теңестірілгендер), облыстар (соларға теңестірілген) прокуратуралары және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы аппараттарының қызметкерлері кәртішкелердің аумақтық органдарға тапсырылуына және онда көрсетілген ақпараттың айқындылығына жауап береді.

10. N1-ЭТ нысанды есеп аймақ бойынша жинақталған есептен және аталған аймақтың әрбір құқықтық статистика субъектісі бойынша есептерден тұрады.

Аймақ және құқықтық статистика мен арнайы есепке алу субъектілері бойынша N1-ЭТ нысанды жинақталған есеп Комитеттің аумақтық органдарымен құрылып, облыстар (соларға теңестірілген) прокурорларымен, Комитеттің аумақтық органдарының бастықтарымен қол қойылып, Комитетке жіберіледі.

11. N1-ЭТ нысанды есепті құру кезінде жеке көрсеткіштердің өзара қисынды а р а қ а т ы н а с ы н с а қ т а у қ а ж е т .

N1-ЭТ нысанды жинақталған есепті және әрбір субъекті бойынша есептерді тапсыру, олардың өзара қисынды арақатынасын тексеруді қамтамасыз ету үшін, бір уақытта жүзеге асырылуы тиіс.

12. Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары бақылау жасап, есептегі бұрмалаушылықтарды жоюға қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Комитетке модемдік байланыспен берілгеннен кейін N1-ЭТ нысанды есепке Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтарына сәйкес түзетулер енгізіледі.

13. N1-ЭТ нысанды есептер іс жүргізудің қолданыстағы талаптары бойынша тіркеледі, қайта жіберіледі және сақталады.

Барлық есептер Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтарымен бекітілген нысанды бланкілерде құрылады.

Түпнұсқалар мен модемдік байланыспен келіп түскен мәліметтердің арасында айырмашылықтар табылған жағдайда модемдік байланыс бойынша келіп түскен есептердің мәліметтері негізге алынады.

## **2. Есепті тапсыру мерзімдері**

14. Есептің 4-бөлімі, 6-бөлімінің А кестесі, 7 және 8-бөлімдері мыналармен тапсырылады :

1-3-бөлімдер аумақтық органдармен Комитетке есептік кезеңнен кейінгі айдың 4-күніне ұсынылады ;

аудандық (қалалық) және соларға теңестірілген прокурорлармен Комитеттің аумақтық органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 4 күніне;

арнайы қорғалатын режимдік объектілердің прокурорларымен Комитеттің аумақтық органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 4 күніне;

әскери прокурорлармен Комитеттің Әскери басқармасына есептік кезеңнен кейінгі айдың 4 күніне ;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тиісті Департаменттерімен Комитетке есептік кезеңнен кейінгі айдың 4 күніне.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2009.01.26. N 4 Бұйрығымен.**

15. Есептер тоқсан сайын, үдемелі қорытындымен құрылып, Комитетке есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 күніне тапсырылады.

16. 5-бөлім, 6-бөлімнің Б кестесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 12 күніне тапсырылады.

17. Модемдік байланыспен келіп түскен есептердің негізінде Комитет бүтіндей республика бойынша жинақталған есепті және бүтіндей республика бойынша қылмыстық қудалау органдары бойынша есептерді құрады.

18. Комитет жинақталған есеп пен әрбір қылмыстық қудалау органы бойынша есептерді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мүдделі департаменттеріне және құқықтық статистика субъектілеріне есептік кезеңнен кейінгі айдың 14 күніне тапсырады.

19. Облыс (соған теңестірілген) прокуроры және Комитеттің аумақтық органының бастығы қол қойған есептің данасы тоқсан сайын Комитетке есептік кезеңнен кейінгі айдың 20 күніне жолданады.

Түпнұсқалар мен модемдік байланыспен келіп түскен мәліметтердің арасында айырмашылықтар табылған жағдайда модемдік байланыс бойынша келіп түскен есептердің мәліметтері негізге алынады.

### **3. "Экстремизммен, лаңкестікпен байланысты қылмыстар туралы мәліметтер" N1-ЭТ нысанды есептің 1-бөлімі**

20. 1-бөлім қылмыстық істері есептік кезеңде іс жүргізуде болған (қозғалған, сотқа жіберумен аяқталған, қысқартылған, іс жүргізуі тоқтатылған) экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстар туралы, сондай-ақ есептік кезеңнің аяғында істері бойынша алдын-ала тергеу мерзімі өтіп кеткен, ал мерзімін ұзарту жайында ақпарат басқармаға келіп түспеген қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

1) А кестесі (қылмыстар бойынша) (жинақталған есеп және қылмыстық қудалау органдары бойынша есеп үшін).

Жолдарда бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қылмыстық кодекстің баптарына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

21. Бағандар бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде, егер аталған қылмыс бірінші рет есептік кезеңде тергеумен аяқталғандардың (сотқа жіберу немесе ақтамау негіздері бойынша қысқарту арқылы), есептен шығару арқылы қысқартылғандардың немесе тоқтатылғандардың қатарына жататын болса, қылмыстық іс бойынша шешімнің есепте бейнеленетіні туралы сөзсіз қағиданы ұстану қажет.

22. Егер алдыңғы жылдары тергеумен аяқталғандардың, есептен шығару арқылы қысқартылғандардың немесе тоқтатылғандардың қатарына жатқызылған өткен жылдардың қылмыстық істері бойынша ағымдағы есептік кезеңде қосымша тергеуге немесе іс жүргізуін жаңартуға қайтарудың нәтижесінде қайтадан ұқсас шешім қабылданған болса, есепте аталған шешім ескерілмейді. Егер баяндалған оқиғада бірінші рет басқа шешім қабылданса, ол есептің тиісті бағанында, іс жүргізілулердің қатарында ескеріледі. Үстіміздегі жылы тіркелген қылмыстар туралы істер бойынша бұрынғы іс жүргізу шешімі өзгертілген жағдайда, осы есептік кезеңде қабылданғаны, яғни соңғысы ескеріледі, ал алдыңғысы есептен шығарылады. Ашылмауына байланысты бұрын тоқтатылған істердің іс жүргізуі қайта жаңартылған жағдайда, олар ашылмағандардың қатарынан алынып тасталынады.

М ы с а л д а р :

1) 2004 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстық іс сотқа жіберілген болып есептеледі, 2005 жылдың қаңтарында қосымша тергеуге қайтарылады және осы жылдың наурызында қайтадан сотқа жіберіледі. Бұл жағдайда есепке алу-тіркеу журналында істің сотқа қайта жіберілгендігі туралы белгі қойылады, бірақ есепте іс қозғалыста болған және осы есептік кезеңде сотқа жіберілген ретінде көрінбейді (1-бөлімнің 1, 4, 5-бағандары және басқа да бөлімдердің о с ы ғ а н ұ қ с а с б а ғ а н д а р ы ) ;

2) 2004 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстық іс сотқа жіберілген болып есептеледі, 2005 жылдың қаңтарында қосымша тергеуге жіберіледі және осы жылдың ақпанында Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-бабы 1-бөлімі 1-тармағының негіздері бойынша тоқтатылады. Бұл жағдайда есепке алу-тіркеу журналында тоқтатылғандығы туралы белгі қойылып , іс қозғалыста болған және осы есептік кезеңде ашылмағандығымен байланысты тоқтатылған ретінде ескеріледі;

3) 2004 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстық іс Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-бабы 1-бөлімі 1-тармағының негіздері бойынша тоқтатылған болып есептеледі, 2005 жылдың ақпанында ол бойынша іс жүргізу қайта жаңартылады және осы жылдың сәуірінде сотқа жіберіледі. Бұл жағдайда есепке алу-тіркеу журналында сотқа жіберілгендігі туралы белгі қойылады және іс қозғалыста болған және осы есептік кезеңде сотқа жіберілген ретінде ескеріледі;

4) 2004 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстық іс сотқа жіберілген болып есептеледі, 2005 жылдың сәуірінде қосымша тергеуге қайтарылады, содан кейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 37-бабы 1-бөлімі 11-тармағының негіздері бойынша (қайтыс болған кісіге қатысты) қысқартылады. Бұл жағдайда есепке алу-тіркеу журналында істің қысқартылғаны туралы белгі қойылады, бірақ есепте іс қозғалыста болған және осы есептік кезеңде ақтамау негіздері бойынша қысқартылған ретінде көрінбейді.

1, 2 және 5-бағандардың есебінде қылмыстық істері есептік кезеңде есептен шығару арқылы қысқартылған қылмыстар ескерілмейді.

23. 1-бағанда қылмыстық істері есептік кезеңде іс жүргізуде жатқан қылмыстардың саны көрсетіледі. Оларға есептік кезеңде тіркелген қылмыстар, сондай-ақ қылмыстық ісін сотқа жіберу, тоқтату немесе қозғалысын қысқарту ( есептен шығару арқылы қысқартылғандардан басқа) туралы іс жүргізу шешімі есептік кезеңде бірінші рет қабылданған немесе жоғарыда аталған шешімдердің біреуі де қабылданбаған өткен жылғы қылмыстар жатады. Есептік кезеңнің аяғында іс жүргізуде болған 1-бағандағы қылмыстар қылмыстық қудалау органының есебі бойынша, ал сотқа жіберу, тоқтату немесе істі қысқарту (ақтау негіздері бойынша қысқартылғандардан басқа) туралы іс жүргізу шешімі

кабылданған және істің әрі қарайғы қозғалысы туралы мәліметтері жоқ істер бойынша соңғы іс жүргізу шешімін қабылдаған органның есебі бойынша ескеріледі. Соттылығына қарай беру кезінде 1-бағандағы қылмыс алынып тасталынып, осы қылмыс туралы қылмыстық істі қабылдаған органның есебінде бейнеленеді.

24. 2-бағанда қылмыстық істі кімнің қозғағанына байланыссыз есептік кезеңде тіркелген қылмыстардың саны көрсетіледі: қылмыстық қудалау органымен, прокурормен. Істі қылмыстық қудалау органының біреуі қозғаған (мысалы, ІІБ) және кейіннен соттылығына қарай басқа органға берген жағдайда (мысалы, ҰҚК) бұл бағандағы қылмыс қылмыстық істі қозғаған органның есебінде көрсетіледі (аталған жағдайда ІІБ бойынша есепте). Бұл жағдайда 2-баған көрсеткіштерінің 1-баған көрсеткіштерінен асуына мүмкіндік бар. Істері прокурормен қозғалған қылмыстар 2-бағанда және соның ішінде есептің 2-бағанынан алынған 3-бағанында оның іс жүргізуге берілген қылмыстық қудалау органы бойынша бейнеленеді.

1-бағаннан алынған 4-бағанда қылмыстық істері тергеумен аяқталған қылмыстардың саны ерекшеленеді.

25. 5-бағанда қылмыстық істері Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 284 , 289-баптарының тәртібінде сотқа жіберілген және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 514-бабының тәртібінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға арналған қылмыстардың саны бейнеленеді.

6-бағанда істері бірінші рет есептік кезеңде қысқартылған қылмыстардың жалпы саны бейнеленеді.

7-бағанда қылмыстық істері ақтамау негіздері бойынша бірінші рет қысқартылған (есептен шығармау арқылы) қылмыстар көрсетіледі.

8-бағанда істері ақтау негіздері бойынша қысқартылған қылмыстардың саны көрінеді (қылмысты есептен шығару арқылы).

8-бағаннан алынған 9-бағанда істері Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 37-бабы 1-бөлімі 1 және 2-тармақтары бойынша қысқартылған қылмыстардың саны бейнеленеді.

26. 10-бағанда істері есептік кезеңде бірінші рет тоқтатылған қылмыстардың жалпы саны бейнеленеді.

10-бағаннан алынған 11-бағанда қылмыстық істері Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-бабы 1-бөлімі 4-тармағының негіздері бойынша бірінші рет үстіміздегі есептік кезеңде тоқтатылған қылмыстардың саны ерекшеленеді (айыпталушының уақытша психикасының бұзылуы немесе өзге де ауыр ауруға ұшырауының салдарынан).

10-бағаннан алынған 12, 13, 14, 15-бағандарда қылмыстық істері үстіміздегі



есептік кезеңде бірінші рет ашылмаған ретінде тоқтатылған қылмыстардың саны көрсетіледі (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-бабы 1-бөлімі 1, 2, 5, 7-тармақтары бойынша).

27. 16-бағанда істері бойынша қылмыстық іс жүргізу заңдарымен белгіленген алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өтіп кеткен, ал оны ұзарту жайында ақпарат Комитеттің аумақтық органдарына келіп түспеген қылмыстардың саны көрсетіледі.

17-бағанда (2-бағаннан) ақтамау негіздері бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған қылмыстардың саны бейнеленеді.

**Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.11.13. N 45 Бұйрығымен.**

28. Б кестесі (істер бойынша) (жинақталған есеп үшін және қылмыстық қудалау органы бойынша есеп үшін).

Бөлімнің Б кестесінде негізгі қылмыстық істер бойынша тіркелген қылмыстар туралы мәліметтер ескеріледі.

Кестенің 1-бағанында бүтіндей есептік жыл бойы өзгеріссіз қалатын, есептік жылдың басындағы қылмыстық істердің қалдығы бейнеленеді.

Есептік кезеңде іс жүргізуде жатқан қылмыстық істердің саны 2-бағанда көрсетіледі. Соның ішінде бұл санға іс жүргізу шешімдері бірінші рет осы есептік кезеңде қабылданған, іс жүргізумен қайта жаңартылған істерді қосқанда шешімдер қабылданбаған өткен жылдардағы істердің қосылатындығын ескеру қажет. Осы бағанға, сондай-ақ, үстіміздегі есептік кезеңде қозғалған және соттылығына қарай келіп түскен істер де жатады.

Егер экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстар туралы қылмыстық істі бұл санатқа жатпайтын, бірақ онымен салыстырғанда ауырырақ болып табылатын қылмыс туралы іспен қосқан жағдайда, осылайша қосылған қылмыстық іс аталған бағанда ескерілмейтіндігін, ол тек 31-бағанда бейнеленетіндігін ескеру қажет.

Аталған істер 3-шіден 30-бағанға дейінгі аралықта да ескерілмейді.

3-бағанда қылмыстық істер қылмыстық істі қозғаған органның есебінде ғана көрсетіледі. 4-бағанда прокуратура органдары қозғаған қылмыстық істер бейнеленеді. 5-бағанда соттылығына қарай келіп түскен істер ескеріледі. Соттылығына қарай келіп түскен істердің қайталанғандығына байланыссыз әрбір қылмыстық іс бір ғана рет және тек істің қозғалысы туралы шешімді соңғы қабылдаған органмен ескеріледі. 6-бағанда аталған органның есебінен шығару арқылы соттылығына қарай жіберілген істер бейнеленеді.

29. 7 және 8-бағандарда істі қосымша тергеу нәтижелеріне байланыссыз үдемелі қорытындымен соттың немесе прокурордың қосымша тергеуге жіберген істері бейнеленеді.

9, 10-бағандарда сотқа бірінші рет жіберілген істер бейнеленеді. 11-14-бағандарда ҚР ҚІЖК 37, 38-баптарының негізінде бірінші рет қысқартылған істер бейнеленеді.

Бірінші рет тоқтатылған (ашылмаған) қылмыстық істер (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-бабы 1-бөлімі 1, 2, 5, 7-тармақтары бойынша) кейіннен іс жүргізу негіздері бойынша 17-20-бағандарда бөліп тарату арқылы 15-бағанда көрсетіледі. 16-бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-бабы 1-бөлімі 4-тармағы бойынша есептік кезеңде тоқтатылған қылмыстық істер көрсетіледі.

**Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.11.13. N 45 Бұйрығымен.**

30. 21-бағанда егер қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттері жүргізілмеген болса, қозғаудан бас тарту арқылы қылмыстық істерді қозғау туралы прокурордың бұзған заңсыз қаулыларының саны бейнеленеді. Осы бағанның мәліметтері Комитеттің аумақтық органына прокурордың тапсырған 3.0 нысанды есепке алу құжаттарының санына сәйкес келуі қажет.

22-бағанда қосымша тексеруге жіберу арқылы істі қозғау туралы бұзылған қаулылардың саны бейнеленеді.

22-бағаннан алынған 23-бағанда қосымша тексеруге жіберу арқылы істі қозғау туралы заңсыз қаулыны прокурордың бұзғанынан кейінгі қайта қозғалған қылмыстық істер бейнеленеді. 23-бағаннан алынған 24-бағанда қайта қозғалған қылмыстық істерден кейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 284 , 289 , 514-баптарының тәртібінде сотқа жіберілген қылмыстық істер ерекшеленеді.

22 және 24-бағандардың мәліметтері Комитеттің аумақтық органдарына ұсынылған 1.0 және 3.0 нысанды есепке алу құжаттарына сәйкес келуі қажет.

25-бағанда егер қылмыстық істер бойынша іс жүргізу әрекеттері жүргізілмеген болса, іс жүргізуін қысқарту арқылы қылмыстық істерді қозғау туралы прокурордың бұзған қаулыларының саны бейнеленеді. Осы бағанның мәліметтері Комитеттің аумақтық органына прокурордың тапсырған 3.0 нысанды есепке алу құжаттарының санына сәйкес келуі қажет.

26-бағанда үстіміздегі есептік кезеңде істі тоқтату жөніндегі заңсыз және негізсіз қаулыларды бұзу туралы прокурор қаулыларының саны бейнеленеді. Осы бағанның мәліметтері Комитеттің аумақтық органына прокурордың тапсырған 3.0 нысанды есепке алу құжаттарының санына сәйкес келуі қажет.

26-бағаннан алынған 27-бағанда істі тоқтату туралы заңсыз қаулыны прокурордың бұзғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 284 , 289 , 514-баптарының тәртібінде сотқа жіберілген қылмыстық істер ерекшеленеді.

28-бағанда үстіміздегі есептік кезеңде қылмыстық істі қысқарту жөніндегі заңсыз және негізсіз қаулыларды бұзу туралы прокурор қаулыларының саны бейнеленеді. Осы бағанның мәліметтері Комитеттің аумақтық органына прокурордың тапсырған 3.0 нысанды есепке алу құжаттарының санына сәйкес келуі қажет.

28-бағаннан алынған 29-бағанда істі қысқарту туралы заңсыз қаулыны прокурордың бұзғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 284 , 289 , 514-баптарының тәртібінде сотқа жіберілген қылмыстық істер ерекшеленеді.

26-29-бағандардың мәліметтері Комитеттің аумақтық органына прокурордың қойған 3.0 нысанды есепке алу құжаттарының санына сәйкес келуі қажет.

**Ескерту: 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.11.13. N 45 Бұйрығымен.**

31. 30-бағанда қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулыларды бұзумен байланысты прокурордың қозғаған істері ескеріледі. Бұл бағанға прокурордың қылмыстық істі қозғаусыз қаулыларды бұзған материалдары қосылмайды.

30-бағаннан алынған 31-бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 284 , 289 , 514-баптарының тәртібінде сотқа жіберілген істер көрсетіледі. Бұл санға өткен есептік кезеңдерде қозғалған сотқа жіберілген істер туралы мәліметтер қосылады (мысалы, өткен жылы).

30 және 31-бағандардың мәліметтері Комитеттің аумақтық органдарына ұсынылған 1.0 және 3.0 нысанды есепке алу құжаттарына сәйкес келуі қажет.

32-бағанда қосымша тексеруге жіберу арқылы бас тарту туралы бұзылған қаулылардың саны көрсетіледі. 32-бағаннан алынған 33-бағанға қосымша тексеруге жіберу арқылы істі қозғау туралы заңсыз қаулыны прокурордың бұзғанынан кейін қайта қозғалған қылмыстық істер ерекшеленеді. 33-бағаннан алынған 34-бағанда қайта қозғалған қылмыстық істерден кейін сотқа жіберілген істер ерекшеленеді.

**Ескерту: 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.11.13. N 45 Бұйрығымен.**

32. Есептік кезеңнің аяғында іс жүргізу шешімі қабылданбаған істердің қалдығы 35-бағанда көрсетіледі.

36-бағанда біріктірілген қылмыстық істердің саны бейнеленеді. Соның ішінде ақтау негіздері бойынша қысқартылып қосылған қылмыстық істер бұл бағаннан алып тастауға жатады. Біріктірілген істі бір органнан екіншісіне есептен шығару арқылы соттылығына қарай берген жағдайда берген орган біріктірілген істерді 36-бағаннан алып тастайды, ал қабылдаған орган өз есебінің аталған бағанында қайта бейнелейді.

#### **4. "Экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстар жасаған тұлғалар туралы мәліметтер"** **N1-ЭТ нысанды есептің 2-бөлімі**

33. Бөлім экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстар жасаған тұлғалар туралы мәліметтерден тұрады.

Бөлімнің жолдарында бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптары мен тарауларына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыс жасаған тұлғалар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағаннан алынған 2-бағанда қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғалардың саны ерекшеленеді.

1-бағаннан алынған 3-29-бағандарда қылмыс жасаған тұлғалардың жеке санаттарының саны ерекшеленеді: бұрын қылмыстар жасаған, соның ішінде экстремизммен және террористік қызметпен байланысты қылмыстарды жасаған тұлғалардың, кәмелетке толмағандардың, әйелдердің, Қазақстан, ТМД азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ тұлғалардың жас шамасына, айналысатын кәсібіне және біліміне қарай топтарға бөліп тарату.

**Ескерту: 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.11.13. N 45 Бұйрығымен.**

#### **5. "Экстремистік материалдарды, қаруларды, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды алып қою туралы мәліметтер"** **N1-ЭТ нысанды есептің 3-бөлімі**

34. Бұл бөлімде қозғалған қылмыстық істер, бас тарту материалдары бойынша және әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша экстремистік материалдарды алып қою туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің бөлімі "Экстремистік материалдарды алып тастау туралы мәліметтер" А кестесінен және "Лаңкестікпен байланысты қылмыстық істер бойынша қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды алып қою туралы мәліметтер" Б кестесінен тұрады.

"А" кестесінің жолдарында алып қойылған экстремистік материалдардың аталуы туралы мәліметтер бейнеленеді.

35. 1-бағанда алып қойылған экстремистік материалдардың жалпы саны бейнеленеді.

1-бағаннан алынған 2-бағанда қозғалған қылмыстық істер бойынша, 3-

бағанда бас тарту материалдары бойынша алып қойылған экстремистік материалдардың саны ерекшеленеді.

Б кестесінің жолдарында алып қойылған қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың аталуы туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда қылмыстық істер бойынша алып қойылған қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың жалпы саны бейнеленеді.

## **6. "Экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстық істер бойынша сот актілерін қаулы ету кезіндегі заңдылықтың қолданылуын қадағалау"**

### **№1-ЭТ нысанды есептің 4-бөлімі**

36. Бұл бөлім экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстық істер бойынша сот актілерін қаулы ету кезіндегі заңдылықтың қолданылуын қадағалау жөніндегі мәліметтерден тұрады. Істерді есепке алу шығарылған үкімнің негізінде жүргізіледі.

Жолдарда бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қылмыстық кодекстің баптарына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

37. 1-бағанда басты сот талқылауына прокурордың мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысуы міндетті болуы бойынша 1 сатылы соттардың қарастырған істерінің жалпы саны, 2-бағанда солар бойынша тұлғалардың саны көрсетіледі. Солардың ішінен 3-4-бағандарда шығарылған ақтау үкімдерінің (істер мен тұлғалар бойынша), 5-6-бағандарда айыптау үкімін шығару арқылы саны көрсетіледі.

7-8-бағандарда істі қысқарту арқылы (істер мен тұлғалар бойынша).

9-10-бағандарда қосымша тергеуге жіберілген қаулылардың саны бейнеленеді (істер мен тұлғалар бойынша).

38. 11-бағанда апелляциялық сатылы соттардың қарастырған істерінің жалпы саны, 12-бағанда солар бойынша тұлғалардың саны көрсетіледі.

13-бағанда 1 сатылы соттардың үкімдеріне апелляциялық тәртіпте берілген соттармен қаралған прокурордың наразылықтары (тұлғалар бойынша) ескеріледі.

14-15-бағандарда қанағаттандырылған наразылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді. Соның ішінде 14-бағанда үкімді бұзу туралы, 15-бағанда үкімнің өзгеруі туралы, 16-бағанда істі қысқарту туралы наразылықтар ерекшеленеді.

17-бағанда қадағалау сатылы соттардың қараған істерінің жалпы саны, 18-бағанда солар бойынша тұлғалардың саны көрсетіледі.

19-бағанда заңды күшіне енген соттардың үкімдеріне соттармен қаралған наразылықтар (тұлғалар бойынша) ескеріледі.

20-21-бағандарда қанағаттандырылған наразылықтар туралы мәліметтер

бейнеленеді. Соның ішінде 20-бағанда үкімнің бұзылуы туралы, ал 21-бағанда үкімнің өзгеруі туралы наразылықтар бейнеленеді.

## **7. "Экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстар жасағаны үшін сотталған тұлғалар туралы мәліметтер" N1-ЭТ нысанды есептің 5-бөлімі**

39. 5-бөлім экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстар жасағаны үшін сотталған тұлғалар туралы мәліметтерден тұрады.

Экстремизммен және лаңкестікпен байланысты қылмыстық істер жолдарда қаулыда немесе сот үкімінде келтірілген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес бөлініп таралады, соның ішінде мыналарды б а с ш ы л ы қ қ а а л у қ а ж е т :

1) бөлімде қаралған қылмыстардың жиынтығы кезінде іс қатаңдау жазаны қарастыратын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптары бойынша е с к е р і л е д і ;

2) заңмен қаралған санкциялар тең болған жағдайда қылмыстың өте аз таралған белгілері бойынша ескеріледі;

3) бөлімде қаралмаған ауырлау қылмыстардың жиынтығы кезінде экстремизммен, лаңкестікпен байланысты істерді бейнелеуге жатады. Мысалы, есептің тиісті жолында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-бабымен қаралған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-бабы және 96-бабы бойынша іс-әрекеттердің біліктілігіне қарай қылмыстар туралы сот шешімі бейнеленуі қажет.

40. Жолдарда 5-бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер б е й н е л е н е д і .

1, 2, 3, 4-бағандарда істері бірінші сатылы соттармен және апелляциялық тәртіпте қысқартылған, соның ішінде қылмыс құрамының не оқиғасының болмауымен немесе айыптаудың дәлелденбеуімен, рақымшылдық бойынша, өзге де негіздер бойынша тұлғалардың саны туралы мәліметтер бейнеленеді.

41. 5-бағанда медициналық сипатта мәжбүрлеу шаралары қолданылған е с у а с т а р д ы ң с а н ы к ө р с е т і л е д і .

6, 7-бағандарда ақталған, сотталған тұлғалардың саны көрсетіледі.

8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-бағандарда Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі 39-бабы 1-бөлігінің и), е), ж), а), г), б), к) тармақшаларымен қаралған ж а з а л а у ш а р а л а р ы б е й н е л е н е д і .

Бұл бөлім N6 нысанды сотталушыға (сотталған адамға) жасалған ақпараттық есепке алу құжатының (бұдан әрі - есепке алу құжаты) негізінде құрылады.

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-бағандар есепке алу құжатының "Сот үкімі (қаулысы) туралы мәліметтер" 14-тармағынан құрылады.

8-14-бағандары есепке алу құжатының "Жазалаудың негізгі шаралары" 16-тармағынан құрылады.

Ескерту: 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.11.13. N 45 Бұйрығымен.

## **8. "Экстремизммен және лаңкестікпен байланысты құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер" N1-ЭТ нысанды есептің 6-бөлімі**

42. 6-бөлімнің А кестесі (істер бойынша) экстремизммен және лаңкестікпен байланысты құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізу заңдылығын прокурорлық қадағалау жағдайы туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің баптарына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

43. 1-бағанда тексеру барысында қаралған әкімшілік материалдардың саны көрсетіледі. Бұл бағандағы мәліметтер тексеруді жүзеге асыру туралы қаулы, қаралған әкімшілік материалдардың саны бейнеленетін оның нәтижелері туралы анықтама бар болған кезде ескеріледі.

Соттарда әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдарды қарастыру бойынша тексерулер мыналармен байланысты тексеру жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін прокурормен жүзеге асырылады:

- 1) жұмыс жоспарымен;
- 2) өтініштер, шағымдар, хабарламалар және заңдардың бұзылғандығы туралы басқа да мәліметтермен;
- 3) заңдардың бұзылғаны белгілерін тікелей табумен;
- 4) жоғары тұрған прокурордың тапсырмасымен немесе сұранымымен.

44. 3-бағанда әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау барысында әкімшілік іс жүргізуді прокурордың қысқартқан саны бейнеленеді.

45. 3-бағанда мәліметтерді есепке алу үшін әкімшілік іс жүргізуді қысқарту туралы прокурордың қаулысы негіз болып табылады.

46. 4-бағанда әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі қарайтын сот актілеріне прокурордың қанағаттандырылған наразылықтарының саны көрінеді.

4-бағандағы мәліметтер құжаттардың расталған көшірмелерін қатыстыру арқылы прокурордың наразылығын қанағаттандыру туралы жазбаша хабарламаның бар болғанында бейнеленеді.

47. 5-бағанда тұлғаларды әкімшілік тұтқынға алу заңдылығын тексеру нәтижесінде босатылған тұлғалардың саны көрінеді.

5-бағандағы мәліметтер тексеру тағайындау және ұсталған тұлғаларды босату туралы қаулының, тексеру нәтижелері туралы анықтаманың және соларға тиісті оң жауап беретін өзге де прокурорлық ықпал ету актілерінің бар болғанында бейнеленеді.

48. 6-бағанда әкімшілік іс жүргізу заңдылығын тексеру нәтижелері бойынша енгізген прокурордың қарастырған ұсыныстарының саны көрсетіледі.

7-бағанда солар бойынша жазаланған тұлғалардың саны бейнеленеді.

6 және 7-бағандардағы мәліметтер прокурордың ұсыныстарын қарау және нақты тұлғаға жаза салуды растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса беру арқылы заңдардың бұзылғандығын жою бойынша қабылданған шаралар туралы жазбаша хабарлама бар болғанда енгізіледі.

49. 6-бөлімнің Б кестесі экстремизммен және лаңкестікпен байланысты есептік кезеңде әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің баптарына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғалардың жалпы саны көрсетіледі.

1-бағаннан алынған 2-7-бағандарда кәмелетке толмағандардың, әйелдердің, Қазақстан, ТМД азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың саны бейнеленеді.

## **9. "Экстремизмге қарсы әрекет жасауды және лаңкестікке қарсы күресті прокурорлық қадағалау жағдайы туралы мәліметтер" N1-ЭТ нысанды есептің 7-бөлімі**

50. 7-бөлім экстремизмге қарсы әрекет жасауды және лаңкестікке қарсы күресті прокурорлық қадағалау жағдайы туралы мәліметтерден тұрады.

51. 1-жолда экстремизмге және лаңкестікке қарсы күрес бойынша заңдардың қолданылуына прокурордың жүргізген тексерулерінің жалпы саны көрінеді.

Заңдардың қолданылуын тексеру "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 2-тармағына сәйкес тексеру жүргізу туралы қаулы шығарған прокурормен жүргізіледі.

Тексеру саны тексерудің алдына қойылған және тексеру тағайындау туралы қаулыда көрсетілген тапсырманың құрылуына байланысты (жоғары тұрған



прокурор жұмысының, тапсырмасының жоспарындағы құрылу) есептеледі.

Егер белгілі бір ведомствода заңдардың қолданылуын тексеру тапсырмасы қойылған болса және сонымен байланысты тексеру тек басты ұйымда ғана емес, сонымен қатар қарамағындағы бөлімшелерінде де жүргізілген болса, ол бір акт ретінде ескеріледі. Осы бөлімшелердің әрқайсысында өз бетінше тексеру жүргізілген жағдайда олар жеке (өз бетінше) тексеру ретінде ескеріледі.

Егер тексеру төмен тұрған прокуратурамен жүргізілсе, ал қадағалау актісі осы органның құқық өкілеттігінің болмағандығынан жоғары тұрған прокуратурамен берілген болса, тексеру шын мәнінде оны жүргізген прокуратураның есебінде, ал прокурорлық ықпал ету актісі оны берген органның е с е б і н д е е с к е р і л е д і .

1-жолдағы мәліметтер тексеру жүргізу туралы қаулының және оның нәтижелері туралы анықтаманың, не тексеру нәтижелері туралы анықтаманың орнына осы тексерудің қорытындылары бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актісінің бар болғанында ескеріледі.

52. 2-жолда тексеру кезінде табылған заң бұзушылықтардың саны бейнеленеді. Бұл жолдағы көрсеткішті есепке алу үшін прокурорлық ықпал ету актілері, сондай-ақ табылған заңдардың бұзылғандығы көрінетін тексеру нәтижелері туралы анықтамалар негіз болады.

53. 3-жолда прокурордың жіберген уақытына байланыссыз заң бұзушылықтарды жою туралы есептік кезеңнің ішінде орындалған ұйғарымдардың саны бейнеленеді, олар заң бұзушылық жасаған органның немесе лауазымды тұлғаның, не осы бұзушылықты жоюға құқығы бар органның немесе лауазымды тұлғаның ұйғарымды орындау туралы жазбаша хабарламасының негізінде ескеріледі.

54. 4-жолда заңсыз актіні бұзу не оны Конституциямен және заңдармен сәйкестікке келтіру туралы, сондай-ақ лауазымды тұлғаның заңсыз әрекеттерін қысқарту және бұзылған құқығын қайта орнату туралы прокурордың талаптарын орындау жөніндегі жазбаша хабарламаның негізінде ескерілетін қанағаттандырылған наразылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

55. 5-жолда бұзушылықтарды жою бойынша (олардың шығарылған уақытына байланыссыз) шаралар қабылдау арқылы есептік кезеңде қаралған ұсыныстардың с а н ы е с к е р і л е д і .

Бұл жолда есепке алуға прокурордың ұсыныстарын қарастыру нәтижелері және заңдардың бұзылғандығын жою бойынша қабылданған шаралар туралы лауазымды тұлғалардың немесе органдардың жазбаша хабарламалары болып табылады.

56. 6-жолда "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының тәртібінде сотпен қанағаттандырылған прокурор өтінішінің саны

көрінеді. Солар бойынша экстремистік немесе лаңкестік ұйымдар деп танылғандардың саны 7-жолда бейнеленеді.

57. 8-жолда "Лаңкестікке қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының тәртібінде сотпен қанағаттандырылған прокурор өтінішінің саны көрінеді. 9-жолда көрсетіледі.

10-жолда заңдарды білмеу немесе теріс түсіну оның теріс қолданылуына апарып соқтыратынына жетелейтін жеткілікті негіздер бар болғанда прокурорлардың Заңның 26-бабының тәртібінде органға немесе лауазымды тұлғаға, не азаматқа жіберген заң түсіндірулері ескеріледі.

10-жолдағы есеп Заңның көрсетілген нормасына сілтеме жасау арқылы Заңды жазбаша түсіндіру негізінде жүргізіледі. Соның ішінде заңды түсіндіру прокурорлық қадағалау актісі сияқты азаматтардың және заңды тұлғалардың жүгінулеріне түсіндіру сипатындағы жазбаша жауаптан айрықша қарау қажет.

58. 6-жолдан алынған 8 және 9-жолдарда "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының (8-жол) және "Терроризмге қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 21-бабының тәртібінде (9-жол) сотпен қанағаттандырылған прокурормен енгізілген өтініштерінің саны ескеріледі.

Осылардың ішінен 12-жолда тексеру нәтижесінде өзгертіліп, бұзылған нормативтік құқықтық актілер ескеріледі. 11 және 12-жолдардағы мәліметтер заңсыз актілерді бұзу немесе өзгерту туралы прокурор талаптарын және осы деректерді растайтын құжаттардың көшірмелерін қарап, орындау туралы жазбаша хабарламаның негізінде ескеріледі.

**Ескерту: 58-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.11.13. N 45 Бұйрығымен.**

59. 13, 14, 15-жолдарда "жауаптылыққа тартылған тұлғалардың саны" азат жолмен біріктірілген. 11-12-жолдарда тәртіптік (11-жол) және әкімшілік (12-жол) тәртіптерде қаулылар мен ұсыныстар бойынша жауаптылыққа тартылған тұлғалардың саны көрінеді.

11-12-жолдардағы есеп растайтын құжаттарды (бұйрықтарды, қаулыларды және т.б.) қоса беру арқылы айыпты адамдарды тиісті жауаптылыққа тарту туралы лауазымды тұлғалардың немесе органдардың жазбаша хабарламаларының бар болғанында жүргізіледі.

60. 16-жолда тексеру нәтижелері бойынша прокурордың қозғаған қылмыстық істерінің саны, 17-жолда сотқа жіберілген істердің саны және 18-жолда солар бойынша сотталған тұлғалардың саны көрінеді.

16-17-жолдардағы есеп тексеру, істің сотқа жіберілгендігі туралы ілеспе хат материалдары бойынша қылмыстық іс қозғау туралы прокурордың қаулысы бар болғанда жүргізіледі.

Соның ішінде есептік кезеңнің аяғында іс жүргізу шешімі қабылданбаған істердің қалдығы есептің "Экстремизммен, лаңкестікпен байланысты қылмыстар туралы мәліметтер" 1-бөлімі Б кестесінің (істер бойынша) 30-бағанында көрсетіледі.

Бұдан әрі бұл сан келесі жылдың осы кестесінің 1-бағанына өтіп, бүтіндей есептік жылдың кезеңінде өзгеріссіз қалады. Кейіннен олар есептік кезеңде сотқа жіберілген жағдайда оның нәтижелері сотқа жіберілген қылмыстық істердің саны көрсетілетін есептің көрсетілген кестесінде бейнеленетін болады.

## **10. "Экстремизммен, лаңкестікпен байланысты қылмыстың жасалғаны үшін күдіктілерді тұтқындау, ұстау заңдылығын қадағалау" N1-ЭТ нысанды есептің 8-бөлімі**

61. 8-бөлім Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 132-бабының тәртібінде ұсталған тұлғалар, соларға қатысты бұлтартпау шараларын таңдау және Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 136-бабының тәртібінде босату туралы мәліметтерден тұрады.

Бөлімнің жолдарында бөлімнің "А" бағанында көрсетілген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптары мен тарауларына сәйкес қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

62. 1-бағанда экстремизммен, лаңкестікпен байланысты қылмыстың жасалғаны үшін ұсталған күдікті тұлғалардың жалпы саны көрсетіледі. Соның ішінде 2-бағанда тұтқындау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған тұлғалар ескеріледі.

63. 3-7-бағандарда іс жүргізу негіздері бойынша бөліп тарату арқылы босатылған тұлғалар туралы мәліметтер бейнеленеді.

64. Басқа да бұлтартпау шаралары туралы мәліметтер 8-12-бағандарға бөлініп таралады.